

әдебиеттанудың басты жетістігі деп бағалағанымызда, осындай жүйелі зерттеу бір ғана әдебиетші Жандос Қожахметұлы тарапынан жүзеге асырылғанын айрықша атауымыз керек. Он төрт ғасыр бедеріндегі қазақ әдебиеттануының бел белестерін саралау барысында ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің бастауларының тарихы кешенді түрде зерттелді. Алфилологиялық бағыттағы іргелі ізденістерінде академиялық мектебі қалыптасқан озық елдерде ондай кемел істер тұтас бірнеше ұжымнан тұратын ғылыми бөлімдер тарапынан атқарылатыны еш таңданыс тудырмайды.

Ұстаз Тұрсынбек Кәкішұлының ұлағатын бойына сіңірген Жәкең бүгіндері де өз шәкірттеріне отандық әдебиеттанудың күрделі тақырыптарын зерттеуге бағыт-бағдар беруде. Қазақ библиографиясы мен текстологиясы, кітаптану ілімімен әдебиет тарихын дәуірлеу, әдебиеттанудың ғылыми-әдіснамалық мәселелері шәкірттері тарапынан жан-жақты зерттелуде. Бұл ретте Қазақстан жоғары оқу орындары бойынша әдебиеттану ғылымының тарихы мен әдіснамалық мәселелерін, сын тарихы мен жанрлық сипатын зерттеуде әрі оның оқу үрдісіндегі бағдарламасын уақыт талабына сай түзуде Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті кафедрасы бірден бір жетекші ғылыми орталыққа айналып отырғаны ұзақ жылдардағы тынымсыз ізденістердің жемісі болса керек. Оны кезінде әдебиетші ғалым Тұрсынбек Кәкішұлы 2009 жылдың 29 қаңтарында Қазақстан Республикасының Білім және ғылыми министрінің қабылдауында болғанында: «...«Қазақ әдебиеті сынының тарихы» өзгені былай қойғанда біздің университетіміздің өзінде «филология» мамандығы бойынша оқытылып, «қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша оқытылмайды. 1972 жылдан бері оқытылып келе жатқан міндетті пәннің – «Қазақ әдебиеті сынының тарихының» нұсқасы әуелі 1994 жылы, одан кейін 2003 жылы оқу құралы статусында шықса, енді министрліктің шешімімен оқулық болып шықпақшы. Бұл пән Қазақстанда біздің университетте жасалды. Бұл игі іске Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің ғалымдары ғана үлес қосып келеді. Оның абыройынан айырылып қалмайық» деп әдебиеттану ғылымының мерейін еселейтін игілікті істі өнеге ретінде баса көрсеткен ді.

Осынау кемел де келелі істер профессор Жандос Қожахметұлының ғылыми еңбектері, ізбасар шәкірттерінің ықпалымен кең өріс тауып келеді. Лайым ұрпақтар сабақтастығы қашанда асқарлы бола берсін. Оған дәнекер болып жүрген ғылымның еңбек торысы ұстазымыз Жандос Қожахметұлының ғылыми шығармашылық ізденісі жемісті, шәкірттерінің еңбегі өнімді болсын деген игі тілек білдіреміз.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЙРАТКЕРІ

*Жұмағұлов А.Б., ф.ғ.к., доцент,
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Әр адамның мына жарық дүние есігін ашпай тұрғанда Жаратушы Алла тағала оның тағдырын жазып қояды екен. Адам баласы Алла тағаланың пешенесіне жазғанынан асып кете алмайды. Пенде атаулының атқарып жүрген кәсібін, істеп жүрген жұмысына бір сөзбен айтқанда өзінің тағдырына риза бола бермейтінін мына жалған дүниеде көп кездестіреміз. Алайда менің академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде шәкірттерге дәріс оқитын ұстаз болу бақытына ие болып жүргеніме Жаратушы иеме сансыз мақтаулар айтамын. Қарақұдық деген ауылдағы қарапайым отбасының жетінші баласына университеттің оқытушысы болу деген орындалмайтын арман, жеткізбейтін сағымдай болатын. Университеттің мұғалімі болмақ түгілі, студенті болудың өзі қиял еді. Алайда талапты ерге нұр жауар демейді ме дана халқымыз. Армандар орындалады екен.

Менің сүйікті университетімнің студенті атануыма, кейін аталмыш оқу орнының оқытушысы болуыма да, тіпті ғылым жолына түсіп, белгілі бір дәрежеге жетуіме көп үлес қосқан адамның бірі ол Жандос Қожахметұлы Смағұлов ағайым. Жандос ағай біздің отбасымыздың үлкен ұлындай, әкемнің кіші бауырындай болды десем артық айтқандық емес шығар. Қазақ әдебиеттану ғылымында өзіндік қолтаңбасы бар туған ағам Сағымбайдың осы зейнетінен бейнеті көп ғылым жолына түсіп, үлкен ғалым болуына да Жандос ағайдың еңбегі ұшаң теңіз. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихын, оның ішінде «Қазақ әдебиеті сынының тарихына» бірадам еңбек сіңірсе ол Жандос Қожахметұлы. Қазақстан жоғары оқу орындары филология факультеті студенттерінің рухани азығына айналған қазақ әдебиеттану ғылымы тарихының туу, қалыптасу, даму тарихынан «Қазақ әдебиеттану

ғылымының тарихы» атты сүбелі еңбектер жазды [1].

Ол туралы ғалым, Алаштанушы Айгүл Смақова «Бір өзі бір академияның жұмысын атқарды» деген баға берген болатын. [2]

Ж.Смағұлов ұлттық әдебиеттануда әдеби мұраны игеруге байланысты және халық ауыз әдебиетінің қазір ұмытылып бара жатқан би-шешендердің бата сөздерін жинақтап ұрпаққа рухани азық болатын құнды жинақтардың жазған фольклортанушы ғалым. [3].

Жандос Қожахметовтың өзі дәріс алған ұстаздарына деген құрметі, олар туралы тағылымды естеліктері бір төбе. Әсіресе туған әкесіндей болып кеткен ұстазы, ғалым Тұрсынбек Кәкішев туралы жазған естелік кітаптары шәкірттің ұстазға деген ақ адал махаббатынын айнасы іспетті [4].

Он бірінші сыныпты тамамдағаннан соң ауылда үкіметтің малын бағып жүргенде, қара малдың сонында қарайып қаламын ау деген үрей болатын. Қатарларымнан қалмай, қалаға барып, білім қусам, студент болсам деген арман-қиял мені алға жетелеп, ақырында 1995 жылы осы университеттің филология факультетінің 1 курс студенттерінің қатарына косты.

Сол жылдар Жандос ағай филология факультеті деканының орынбасары қызметін атқарып жүрген еді. Ауылдан келген балалардың жағдайын жақсы білетін ағай бір топ студенттерге ректордың атына өтініш жазып, матпомощ алып беретін. Ол кездегі ректорымыз үлкен ақыл парасаттың иесі Жамбыл Ақылбаев болатын. Аштықта жеген құйқаның дәмі кетпейді дегендей, аспаннан тілеп жүргенің жерден табылғандағы қуанышты сәттерді қазір еске алудың өзі бір ғанибет екен ғой. Жоғарыда айтқанымдай Жандос ағай студент кезімізден бастап біздерге мақала жаздыратын, ол кезде қазіргідей теріп жазатын компьютер жоқ, қарындашпен жазасын, қате жерлерін өшіріп отыратын бір қолында міндетті түрде өшіргішің болады. Сөйтіп жүргенде ағайымыз қолымызға қарындаш ұстатып, қазақ әдебиеттану ғылымы аталатын теңіздің ортасына бірақ тастады.

Не керек қолымыздағы қарындашты қармап, «Қазақ библиографиясының тарихы» тақырыбында диплом жұмысын жазып, ағайдың жетекшілігімен университетті ойдағыдай тамамдап шықтық. Менің ғылым жолындағы ірге тасымды қалаған, Қазақ әдебиеттану ғылымында «Әдебиет тарихын дәуірлеудің ғылыми тәжірибесі» деген тақырыпта диссертация жазғызып алғашқы жетекші болған ұстаз, ғалым Жандос Қожахметұлы. Әйгілі профессор Бейсенбай Кенжебаевтың шәкірті академик Рымғали Нұрғалидың жетекшілік еткен үлкен қамқорлығының арқасында, 2007 жылы Л.Н.Гумилев атындағы университетте филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін сәтті қорғап шықтық. Академик ағамыздың бетімізді қақпай жұмысымызды бірден қорғауға жібергені үшін Алла разы болсын, ол кісінің жақсылығын ешқашан ұмытпаймыз. Сол Жандос Қожахметұлының берген бағыт-бағдарының нәтижесінде «Қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеу тарихы» атты монографиям жарық көріп, қазір университет студенттерінің қазақ әдебиет тарихының зертелуіне байланысты пайдалы еңбекке айналып отыр. [5].

Кейін мектеп қабырғасында Майқұдықтағы Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектепте қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі болып жүргенімде де қарап жүргенше мақала жазып жүр деп ақыл-кеңесін аямады. Мектептен гөрі университетте істеген дұрыс болады деп, Асылбек Жартыбаевпен бірге мені қаладағы бұрынғы Ресей-Қазақстан, бүгінде Қазіргі заман университеті аталатын оқу орнына оқытушы болып жұмыс істеуіме ықпалын тигізді. Сол жылы жазда университеттің газетіне тілші керек деп, сол кездегі газеттің редакторы аңқылдаған азамат, қарымды қаламгер Дәулет Мақашқа айтып мені журналист қылып жібере жаздағаны бартын. Әйтеуір не керек арада бір жыл салып бір кезде өзім дәріс алған ұстаздарымның қатарына қосылып, туған кафедраның оқытушылар құрамына енуім мен үшін үлкен абырой болды. Міне Алланың қалауымен 2001 жылдан бері Жандос ағайыммен бірге өзімнің туған кафедралық жұмыс істеп келемін. Қазақтың қара өлеңінде:

Жақсылар жақсымын деп айта алмайды,

Жамандар жақсымын деп айқайлайды.

Бауырында күнде көріп жүргеннен соң,

Таулардың биіктігі байқалмайды,- дегендей кей кезде жанында жүрген жақсылардың қадірін білмей жататын кездеріміз өте көп. Ол үшін кешірім де сұраймыз.

Негізінде ғалым, ұстаз туралы ой толғағанда белгілі бір тәртіпті сақтай отырып ғылыми стилде, белгілі бір ғылым саласында әңгіме өрбітетіні заңдылық. Ғылыми мақаланы ғылыми-практикалық конференцияға арнай жатармыз. Бүгінгі мақаламыз бейресми десе болады. Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын дегендей жанында жүрген жақсы адамның жақсылығын айтуға арналып отыр.

Менің балаларымның анасы, адал жарым Қарашаштың да Жандос ағайға алғысы шексіз. Қарашаш 1996 жылы Абай атындағы Саран педагогикалық училищесін қызылға тамамдап, бірден ҚарМУ-дың екінші курсына қабылданған болатын. Бірден екінші курсқа қабылдану бақыты, сондай керемет мүмкіндік Алланың қалауымен сол жылы ғана болды. Мүмкін біздің отбасымыздың бақытына орай шығар. Қарашаш екінші курсқа қабылданған соң мамандық тандап, белгілі бір топқа бару керек болатын. Оның документін жазды күні собеседованиядан өткеннен соң «Басқа ұлт мектептеріндегі қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі» мамандығын алатын КС-21 тобына тіркеп қойған екен. Ол орыс мектептерінде сабақ бере алмаймын, мені «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі» мамандығына КО-21 тобына ауыстыруыңызды сұраймын деп деканатқа өтініш білдіріп келген екен. Жоғарыда айтқандай сол жылдары Жандос ағай филология факультеті деканының орынбасары қызметін атқарып жүрген болатын. Сол кезде Жандос ағайдың қасында Сағымбай ағамда тұрса керек, мен де осы КС-ты бітіргенмін деп екеуі екі жақтап Қарашашты ақыры КС-те қалуға көндіріпті.

Бұйырған кетпейді дегендей Алланың бұйыруымен екінші курс оқып жүргенде группаға жаңадан қосылған жас қыз, аяғында менің қосағымға айналды. Оқу бітіріп Қарашаш екеуіміз үйленеміз деп шештік. Қарашашты сұрау үшін өтілуге де Шет ауданының Еркіндік ауылына ұстазымыз Жандос ағайды алдыға салып барған болатынбыз. Міне бүгінде біз бақытты отбасы болсақ, ғылымда белгілі бір дәрежеге жетіп жатсақ, бұл игіліктердің басында Жандос ағайдың тұрғанын мақтанышпен айтамыз.

Базарда мың адам бар, әркім өзінің танысына сәлем береді дегендей, өмір мектебінде қаншама ұстаздардан тәлім алып келеміз, алайда біздер үшін Жандос ағайдың орны бір бөлек. Жандос Қожахметұлының әдебиеттану ғылымына әсіресе «Қазақ әдебиеті сынының тарихына» сіңірген еңбегі орасан зор. Жандос ағайдың есімі «Қазақ әдебиеттану ғылымымен» бірге жасай беретініне кәміл сенеміз. Ағамызды алпысқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз. Алпыстың асқарына шыққан ардақты ағамызға ұлтымыздың ұлы тұлғасы, қадірлі қариясы, абыз ақсақалы атанған ұстазымыз Тұрсынбек Кәкішев секілді ғибратты ғұмыр тілейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. Алматы. 1999
2. Смақова А. Алаш әдебиеттануы. Алматы. 2009
3. Смағұлов Ж. Тарихтан тағылым. Зерттеулер. II том. Қарағанды: Арко, 2014.
4. Сыр сандық. Естеліктер жинағы Астана Фолинт 2016
5. Жұмағұлов А. Қазақ әдебиетін дәуірлеу тарихы. Қарағанды, Арко. 2012

ӘДЕБИЕТТІ ТАНУ – ӘЛЕМДІ ТАНУ! Алпыстың асуына шыққан азаматқа арнау

*Жұмағали З.Т., ф.ғ.д, профессор,
Жақан Әлімжан, аға оқытушы,
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Ұлт деген – ұлы ұғым. Оның қасиетін түсіну кез келген адамның қолынан келе бермесі анық. Ұлт және ұлттық ерекшеліктерді айта бастасақ, ең бірінші ойымызға тіл оралады. Тіл дегеніміз – сөз. Сөздің өзі әдебиеттің синонимі. Ал, әдебиет – әсем де сырлы дүние. Оны тану бүкіл әлемді білумен бірдей. Осы әдебиеттің ішінде «әдебиеттану» дейтін термин туып-қалыптасқан.

Өткен ғасырдың еншісі болып саналатын бұл сала Алаш ақылманы Ахмет Байтұрсынұлының есімімен тығыз байланысты. Ахаңның «Әдебиет танытқыш» деген еңбегінен бастау алып, онан кейін Мұхтар Әуезов, Есмағанбет Ысмайылов, Тұрсынбек Кәкішұлы және басқа да әдебиет ардагерлерінің зерттеу ағысы бүгіндері кең арналы кемелдікке ұласып жатыр.

Халқымызда: «дәстүр жалғастығы», «ұрпақтар сабақтастығы» деп келетін жақсы дәстүр бар. Осындай мақсат – мұратты ұстанып, алдыңғы толқын ағалардың, әдебиеттанушы алыптардың жолын жалғастырып келе жатқан ғалымдарымыздың бірі – қарағандылық Жандос Қожахметұлы Смағұлов.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Жандос Қожахметұлы көп жылдардан бері